



Ғылыми-зерттеу жұмыстары үшін берілетін виза

Негізгі ақпарат

- Сіз барлық жаднамалар мен формулярларды дипломатиялық өкілдіктерінің виза бөлімшелерінде немесе веб-сайттарында тегін ала аласыз.
- Сондай-ақ, «Ұлттық визаны рәсімдеу туралы жалпы ақпарат» ескертпеге назар аударыңыз. Қосымша ақпаратты [Қазақстандағы неміс өкілдіктерінің веб-сайтынан алуға болады](#)
- Шет тіліндегі құжаттар неміс тілінің ресми аудармасымен ұсынылуы керек. Шетелдік төлқұжаттың тек мәліметтер бар ғана беті аударылмай қалады.
- Өкілдік басқа құжаттарды талап етуге құқылы.
- Құжаттар толық болмаған жағдайда тексеру жұмысын ұзартып және бас тартуға әкелуі мүмкін.
- Визалық өтініш бойынша оң шешім қабылданғаннан кейін визаны рәсімдеу үшін қолданыстағы медициналық сақтандыру туралы полисті ұсынуы қажет, егер бұл құжат алдын ала тапсырылмаған болса.

Жалпы ақпарат

Зерттеушілер – докторантурада оқуға мүмкіндік беретін докторлық дәрежесі немесе тиісті жоғары білімі бар үшінші елдің азаматтары. Зерттеушілерді ғылыми-зерттеу институттары таңдап оларға Еуропалық Одақтың мүше мемлекеттің аумағына кіруге рұқсат береді.

Егер Сіз ЕО көк картасын алу үшін шарттарын орындасаңыз, Сіз осы картаны алу немесе зерттеуші ретінде тұруға рұқсат алуға өтініш беруді өзіңіз шеше аласыз. Сізге ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу үшін қандай рұқсат оңтайлы болатыны туралы тұрғылықты жеріңіздегі шетелдіктер істері жөніндегі мекемеден алдын ала кеңес алуыңыз керек.

Егер Сіз Германияға докторантураға түссеңіз, университетпен немесе ғылыми-зерттеу институтымен еңбек шартын жасасқан жағдайда ғана Сізді ғылыми қызметкер немесе зерттеуші деп санауға болады. Егер Сіз еңбек шартын жасамай күндізгі бөлімде оқығыңыз келсе, онда оқу мақсатында виза алуға өтініш беруіңіз керек.

Келесі тізім Сіздің құжаттарыңыздың толық толтырылғанын тексеруге мүмкіндік береді. Мұнда көрсетілген барлық құжаттар сұралған **үлгі бойынша кезегімен** тапсырылуы керек.

Виза өтініштерін бақылау тізімі

Әр өтініш бойынша келесі құжаттар толық көлемде ұсынылуы қажет.

- Ұлттық виза алу үшін неміс тілінде толық толтырылған және қолыңыз қойылған 2 дана өтініш.
- 2 дана «Тұрақты тұру туралы» заңының 54-шы § сәйкес қол қойылған түсініктеме.



- 3 **биометриялық** төлқұжат фотосуреті, уақыты 6 айдан аспайтын, өлшемі 3,5 x 4,5 см келетін (өтініш бланкілерінің екеуіне де фото жапсырыңыз және үшінші суретті өзіңізбен бірге алып келіңіз) (→ [Фотосуреттің үлгісі](#))
- Иесінің қолы қойылған** қолданыстағы **шетелдік төлқұжаты** + толық мәліметтері көрсетілген парағының екі көшірмесі. Шетелдік төлқұжаттың жарамдылығы сұралған визаның уақыт өткеннен кейін де кем дегенде 3 айлық күші болуы керек және кем дегенде екі бос беті болуы міндет.
- Сотталмағандығы туралы анықтама (өтініш берген кезде үш айдан ескі болмауы керек)
 - егер аты-жөні өзгермеген жағдайда: e.gov-тан электрондық көшірме екі дана
 - егер аты-жөні өзгертілген жағдайда: Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетінен сотталмағандығы туралы анықтама. Анықтамада тегі және бұрынғы барлық аты-жөні көрсетілуі шарт, апостильденген түпнұсқасы мен екі көшірмесі
 - егер сотталғандығы болса: тиісті сот шешімдерінің апостильденген түпнұсқасы мен екі көшірмесі
- Ғылыми-зерттеу мекемесі мен ғылыми қызметкер арасындағы [Қабылдау туралы келісім түпнұсқасы мен екі көшірмесі](#). Айына € 1,647 ресми ең төменгі жалақы расталуы керек.
- Ғылыми-зерттеу мекемесімен еңбек қатынастары болмаған жағдайда Германияда жоспарланған болу ұзақтығына айына **947 еуро** көлемінде қаржыландыруды растау. Бір жылдан астам болу жағдайында өтініш берген кезде тек бірінші жылға ғана қаржыландыруды растау қажет. **Қаржыландыруды келесі құжаттар арқылы растауға болады:**
 - **Стипендияны** растау түпнұсқасы мен екі көшірмесі. Егер стипендия сомасы айына **€ 947-ден** аз болса, айырмашылық келесі баламалық біріне сәйкес расталуы керек:
 - „Тұрақты тұру туралы“ заңының 66-68 баптарына сәйкес міндеттемелерді қабылдау туралы өтініштің (**Verpflichtungserklärung**) түпнұсқасы мен 2 дана көшірмесі (визаны рәсімдеу үшін өтініш берген күніне дейінгі соңғы 6 айдың ішінде берілген). Бұл құжатта тұрақты тұру мақсаты «Оқу» деп және шақыратын тұлғаның төлем қабілеті туралы ақпарат көрсетілуі тиіс.
 - Неміс банкінде бұғатталған шоттың ашылғанын растайтын құжаттың екі данасы. Осы шоттан жоспарлаған мерзімге айына 947 еуро алынуы керек. Виза алу үшін өтініш тапсырылған кезде, осы шоттың ресми ашылуы және төленген жалпы қаражат пен ай сайын қолға берілетін қаражат көрсетілуі керек. Бұл қаражатты көрсетпестен растау жеткіліксіз. Бұғатталған шотты Германияда мақұлданған барлық қаржы институттарында ашуға болады. Сіз біздің веб-сайтымызда осы әлемдік қызметті ұсынатын қызмет көрсетушілердің тізімін таба аласыз.
 - Қазақстандық шоттағы қаражаттың жеткілікті екендігін растау түпнұсқасы мен екі көшірмесі. Виза рәсімі кезінде бұғатталған шот ашу қажет болуы мүмкін.



- | |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <input type="checkbox"/> <u>Ғылыми-зерттеу мекемесі бірінші кезекте мемлекет тарапынан қаржыландырылмаса:</u> Ғылыми-зерттеу мекемесінің шығындарды өз мойнына алу міндеті. Шығындарды төлеу міндеттемесі шетелдіктің тұру шығындарын және оқуға қабылдау туралы келісім аяқталғаннан кейін алты айға дейінгі мүмкін депортацияны жабуы керек <u>түпнұсқасы мен екі көшірмесі.</u> |
| <input type="checkbox"/> Университет бітірген туралы куәлік пен бағалар тізімі <u>түпнұсқасы мен екі көшірмесі</u> |
| <input type="checkbox"/> <u>Екі данада</u> академиялық және кәсіби мансабыңызды сипаттайтын кесте түрінде толық түйіндеме <u>түпнұсқасы мен екі көшірмесі.</u> |
| <input type="checkbox"/> Егерде бар болса: неміс тілін білуді растау <u>түпнұсқасы мен екі көшірмесі.</u> |
| Қазақстан Республикасының азаматтығы жоқ өтініш берушілерге: |
| <input type="checkbox"/> Қазақстан Республикасында тұруға берілген ықтияр хат/тіркеуі, <u>түпнұсқасы мен екі көшірмесі.</u> |